

"Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 19 наурыздағы № 17 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 4 сәуірде № 35933 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7121 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Нұсқаулық бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі – жинақтаушы зейнетақы қорлары), банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (ипотекалық ұйымдарды және бұрын еншілес банктер болған заңды тұлғаларды қоспағанда), бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру брокерлерінің және Қазақстан Республикасы

бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның, клиенттердің инвестициялық басқарудағы активтерінің инвестициялық портфелін басқарушылардың (бұдан әрі – ұйым) және бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – брокер) брокерлік қызмет көрсету туралы шарт бойынша клиенттерден алынған активтердің бухгалтерлік есебін жүргізуін нақтылайды.

3. Осы Нұсқаулықта халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес мәміле жасау күнгі және мәміле бойынша есеп айырысу күнгі қаржы активтерін сатып алу және сату мәмілелерін есепке алу әдісі қолданылады. Осы тармақта көрсетілген қаржы активтерін сатып алу және сату мәмілелерін есепке алу әдістерінің бірін таңдау ұйымның есеп саясатында айқындалады.

Клиенттердің инвестициялық басқарудағы активтерінің және брокерлік қызмет көрсету туралы шарт бойынша клиенттерден алынған активтердің бухгалтерлік есебін жүргізген кезде ұйым және брокер "Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5348 болып тіркелген) сәйкес баланстан тыс шоттарды қолданады.";

2-тарау алып тасталсын;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Осы Нұсқаулықтың 7 және 9-тармақтарына сәйкес сыйақы және сыйлықақы немесе дисконттың (жеңілдіктің) амортизациясын есептегеннен кейін өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздар ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен қайта бағаланады және мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша:

егер борыштық бағалы қағаздардың әділ құны олардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнынан жоғары болса:

	Дт	1120 04	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
			Өзгерістері пайданың немесе зиянның

	Кт	6150 01	құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған кірістер;
--	----	---------	---

егер борыштық бағалы қағаздардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

	Дт	7470 03	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың құнын өзгертуден болған шығыстар
	Кт	1120 05	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

борыштық бағалы қағаздардың әділ құнының есептелген оң немесе теріс түзеті сомасына:

	Дт	1120 05	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	Кт	1120 04	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету.

2) басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша:

егер борыштық бағалы қағаздардың әділ құны олардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнынан жоғары болса:

		1140 04	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету

	Дт	2030 04	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	Кт	5440	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв;

егер борыштық бағалы қағаздардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

	Дт	5440	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
	Кт	1140 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
		2030 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

борыштық бағалы қағаздар әділ құнының есепте тұрған оң немесе теріс түзету сомасына:

	Дт	1140 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
		2030 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
			Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны

	Кт	1140 04	бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
		2030 04	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету.";

13-тармақтың 4) және 5)-тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасы олардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнынан асқан жағдайда, айырма сомасына:

	Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
	Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан түскен кірістер;

5) өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны оларды сату бойынша жасалған мәміле сомасынан асқан жағдайда, айырма сомасына:

	Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан болған шығыстар
	Кт	1120 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері
		1140 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
		2030 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері;"

21-тармақтың 4) және 5)-тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасы оның бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнынан асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

	Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
	Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан түскен кірістер;

5) амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны оларды сату бойынша жасалған мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

	Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан болған шығыстар
	Кт	1130 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
		2020 01	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері.";

28-тармақтың 4) және 5)-тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) борыштық бағалы қағаздарды сатып алу бойынша жасалған мәміле сомасы олардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнынан асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

	Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан болған шығыстар
	Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;

5) борыштық бағалы қағаздарды сатып алу бойынша жасалған мәміле сомасынан олардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

	Дт	4030 10	Сатып алынған бағалы қағаздар
	Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан түскен кірістер.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын

сатып алынған үлестік бағалы қағаздарды ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен әділ құны бойынша қайта бағалаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын үлестік бағалы қағаздар бойынша:

егер үлестік бағалы қағаздардың әділ құны олардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнынан жоғары болса:

	Дт	1120 04	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	Кт	6150 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған кірістер;

егер үлестік бағалы қағаздардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

	Дт	7470 03	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған шығыстар
	Кт	1120 05	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

үлестік бағалы қағаздардың әділ құнының есепте тұрған оң немесе теріс түзету сомасына:

	Дт	1120 05	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке
--	----	---------	--

			алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	Кт	1120 04	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету.

2) басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын үлестік бағалы қағаздар бойынша:

егер үлестік бағалы қағаздардың әділ құны олардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнынан жоғары болса:

	Дт	1140 04	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
		2030 04	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	Кт	5440	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв;

егер үлестік бағалы қағаздардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

	Дт	5440	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
	Кт	1140 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
			Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны

		2030 05	бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;
--	--	---------	---

үлестік бағалы қағаздардың әділ құнын есепте тұрған оң немесе теріс түзету сомасына:

	Дт	1140 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
		2030 05	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	Кт	1140 04	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
		2030 04	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету.";

36-тармақтың 4) және 5)-тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын үлестік бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміленің сомасы олардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнынан асқан жағдайда, айырма сомасына:

	Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
	Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан түскен кірістер;

5) өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын үлестік бағалы қағаздардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны оларды сату бойынша жасалған мәміле сомасынан асқан жағдайда, айырма сомасына:

--	--	--	--

	Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан болған шығыстар
	Кт	1120 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері
		1140 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
		2030 01	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері;"

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Егер сатып алынған тазартылған бағалы металдар ұйымның есеп саясатына сәйкес әділ құны бойынша қайта бағаланған жағдайда, мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) егер тазартылған бағалы металдардың әділ құны олардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнынан жоғары болса:

	Дт	1370	Тазартылған бағалы металдар
		1380	Жолдағы тазартылған бағалы металдар
		1150 09	Металл шоттарда орналастырылған тазартылған бағалы металдар
	Кт	6280 05	Тазартылған бағалы металдарды қайта бағалаудан түскен кірістер;

2) егер тазартылған бағалы металдардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

	Дт	7470 07	Тазартылған бағалы металдарды қайта бағалаудан болған шығыстар
	Кт	1370	Тазартылған бағалы металдар
		1380	Жолдағы тазартылған бағалы металдар

		1150 09	Металл шоттарда орналастырылған тазартылған бағалы металдар.";
--	--	---------	--

64-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"64. "Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын" және "басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын" санаттарына жатқызылған берілген қарыздарды қайта бағалаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын заемдар бойынша:

заемның әділ құны оның бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнынан асып кеткен жағдайда, асып кеткен айырма сомасына:

	Дт	1110 25	Қысқа мерзімді заемдардың әділ құнын оң түзету
		2010 24	Ұзақ мерзімді заемдардың әділ құнын оң түзету
	Кт	6280 06	Басқа да қайта бағалаудан түскен кірістер;

заемның бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны оның әділ құнынан асып кеткен жағдайда, азайту айырма сомасына:

	Дт	7470 08	Басқа да қайта бағалаудан болған шығыстар
	Кт	1110 26	Қысқа мерзімді заемдардың әділ құнын теріс түзету
		2010 25	Ұзақ мерзімді заемдардың әділ құнын теріс түзету;

заемдардың әділ құнын оң (теріс) түзету сомасына:

	Дт	1110 26	Қысқа мерзімді заемдардың әділ құнын теріс түзету
		2010 25	Ұзақ мерзімді заемдардың әділ құнын теріс түзету
	Кт	1110 25	Қысқа мерзімді заемдардың әділ құнын оң түзету
		2010 24	Ұзақ мерзімді заемдардың әділ құнын оң түзету

2) басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздар бойынша:

қарыздың әділ құны оның бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнынан асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

	Дт	1110 25	Қысқа мерзімді қарыздардың әділ құнын оң түзету
		2010 24	Ұзақ мерзімді қарыздардың әділ құнын оң түзету
	Кт	5470	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздарды қайта бағалауға арналған резерв;

қарыздың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны оның әділ құнынан асып кеткен жағдайда, азайтудың айырма сомасына:

	Дт	5470	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздарды қайта бағалауға арналған резерв
	Кт	1110 26	Қысқа мерзімді қарыздардың әділ құнын теріс түзету
		2010 25	Ұзақ мерзімді қарыздардың әділ құнын теріс түзету;

қарыздардың әділ құнының есепте тұрған оң (теріс) түзету сомасына:

	Дт	1110 26	Қысқа мерзімді қарыздардың әділ құнын теріс түзету
		2010 25	Ұзақ мерзімді қарыздардың әділ құнын теріс түзету
	Кт	1110 25 2010 24	Қысқа мерзімді қарыздардың әділ құнын оң түзету Ұзақ мерзімді қарыздардың әділ құнын оң түзету.";

65-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"65-1. Шағын және орта бизнес үшін халықаралық стандартқа сәйкес "сату үшін қолда бар" санатына жатқызылған берілген қарыздарды қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

қарыздың әділ құны оның бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнынан асып кеткен жағдайда, асып кетудің айырма сомасына:

	Дт	1110 25	Қысқа мерзімді қарыздардың әділ құнын оң түзету
		2010 24	Ұзақ мерзімді қарыздардың әділ құнын оң түзету
	Кт	5470 01	Сату үшін қолда бар қарыздарды қайта бағалауға арналған резерв;

қарыздың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны оның әділ құнынан асып кеткен жағдайда, азайтудың айырма сомасына:

	Дт	5470 01	Сату үшін қолда бар қарыздарды қайта бағалауға арналған резерв
	Кт	1110 26	Қысқа мерзімді қарыздардың әділ құнын теріс түзету
		2010 25	Ұзақ мерзімді қарыздардың әділ құнын теріс түзету;

қарыздардың әділ құнының есептегі оң (теріс) түзету сомасына:

	Дт	1110 26	Қысқа мерзімді қарыздардың әділ құнын теріс түзету
		2010 25	Ұзақ мерзімді қарыздардың әділ құнын теріс түзету
	Кт	1110 25	Қысқа мерзімді қарыздардың әділ құнын оң түзету
		2010 24	Ұзақ мерзімді қарыздардың әділ құнын оң түзету.";

142-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"142. Сыйақы есептелгеннен және сыйлықақы немесе дисконт амортизацияланғаннан кейін Нұсқаулықтың 139 және 141-тармақтарына сәйкес ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен сату үшін қолда бар сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалау жүргізіледі және мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

егер борыштық бағалы қағаздардың әділ құны олардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнынан жоғары болса:

--	--	--	--

	Дт	1140 09	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету.
		2030 09	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	Кт	5440 01	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв;

егер борыштық бағалы қағаздардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

	Дт	5440 01	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
	Кт	1140 10	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
		2030 10	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

борыштық бағалы қағаздардың әділ құнының есептегі оң немесе теріс түзету сомасына:

	Дт	1140 10	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
		2030 10	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	Кт	1140 09	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету.
		2030 09	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету.";

145-тармақтың 6) және 7)-тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"6) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасы олардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнынан асып кеткен жағдайда айырма сомасына:

--	--	--	--

	Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан түскен кіріс;

7) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны оларды сату бойынша жасалған мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда айырма сомасына:

	Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан болған шығыс
	Кт	1140 06	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
		2030 06	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері ;";

154-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"154. Сату үшін қолда бар сатып алынған үлестік бағалы қағаздарды қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

егер үлестік бағалы қағаздардың әділ құны олардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнынан жоғары болса:

	Дт	1140 09	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
		2030 09	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	Кт	5440 01	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв;

егер үлестік бағалы қағаздардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

	Дт	5440 01	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
	Кт	1140 10	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
		2030 10	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

үлестік бағалы қағаздардың әділ құнының есептегі оң немесе теріс түзету сомасына:

	Дт	1140 10	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
		2030 10	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	Кт	1140 09	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
		2030 09	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету.";

157-тармақтың 4) және 5)-тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) сату үшін қолда бар үлестік бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасы олардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнынан асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

	Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан түскен кіріс;

5) сату үшін қолда бар үлестік бағалы қағаздардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны оларды сату бойынша жасалған мәміле сомасынан асып түскен жағдайда айырма сомасына:

	Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан болған шығыс
	Кт	1140 06	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
		2030 06	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері ;";

мынадай мазмұндағы 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29 және 30-тараулармен толықтырылсын:

"20-тарау. Инвестициялық басқаруға қабылданған активтерді есепке алу

171. Ұйым активтерді инвестициялық басқаруға алған кезде инвестициялық басқару туралы шартқа сәйкес қабылданған активтер сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

	Дт	1800 01	Ақша

		1800 02	Аффинирленген бағалы металдар
		1800 03	Бағалы қағаздар
		1800 04	Орналастырылған салымдар
		1800 05	Капиталға инвестициялар
		1800 06	Материалдық емес активтер
		1800 07	Негізгі құрал-жабдықтар
		1800 08	Басқа да активтер
		1800 09	Алуға арналған шоттар
		1800 10	Дивидендтер
		1800 11	Сыйақы
		1800 12	Басқа да талаптар
	Кт	1830 01	Клиенттен активтердің түсуі

21-тарау. Инвестициялық басқарудағы ақшаны шетел валютасына орналастыру

172. Ұйым шетел валютасын сатып алған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) егер сатып алу бағамы нарықтық бағамнан төмен болса:

	Дт	1800 01	Ақша (сатып алынған шетел валютасының сомасына)
	Кт	1800 01	Ақша (теңгемен төленген ақша сомасына)
		1830 03	Сатып алу-сатудан кіріс (сатып алу бағамы мен нарықтық бағам арасындағы айырмаға);

2) егер сатып алу бағамы нарықтық бағамнан жоғары болса:

	Дт	1800 01	Ақша (сатып алынған шетел валютасының сомасына)
		1840 03	Сатып алу-сатудан шығыс (сатып алу бағамы мен нарықтық бағам арасындағы айырмаға)
	Кт	1800 01	Ақша (теңгемен төленген ақша сомасына).

173. Ұйым шетел валютасын сатқан кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) егер сату бағамы нарықтық бағамнан жоғары болса:

	Дт	1800 01	Ақша (теңгемен алынған ақша сомасына)

	Кт	1800 01	Ақша (сатылған шетел валютасының сомасына)
		1830 03	Сатып алу-сатудан кіріс (сату бағамы мен нарықтық бағам арасындағы айырмаға);

2) егер сату бағамы нарықтық бағамнан төмен болса:

	Дт	1800 01	Ақша (теңгемен алынған ақша сомасына)
		1840 03	Сатып алу-сатудан шығыс (сату бағамы мен нарықтық бағам арасындағы айырмаға)
	Кт	1800 01	Ақша (сатылған шетел валютасының сомасына).

174. Ұйым шетел валюталарын айырбастау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

	Дт	1800 01	Ақша (сатып алынған шетел валютасының сомасына)
	Кт	1800 01	Ақша (сатылған шетел валютасының сомасына);

оң айырма сомасына:

	Дт	1800 01	Ақша
	Кт	1830 03	Сатып алу-сатудан кіріс (сату (сатып алу) бағамы мен нарықтық бағам арасындағы айырмаға);

теріс айырма сомасына:

	Дт	1840 03	Сатып алу-сатудан шығыс (сату (сатып алу) бағамы мен нарықтық бағам арасындағы айырмаға)
	Кт	1800 01	Ақша.

175. Шетел валютасындағы ақшаны валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта бағалаған кезде қайта бағалау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) валюта айырбастаудың нарықтық бағамы ұлғайған кезде оң бағамдық айырма сомасына:

	Дт	1800 01	Ақша (шетел валютасымен)
	Кт	1830 05	Бағамдық айырма бойынша кіріс;

2) валюта айырбастаудың нарықтық бағамы азайған кезде теріс бағамдық айырма сомасына:

	Дт	1840 05	Бағамдық айырма бойынша шығыс
	Кт	1800 01	Ақша (шетел валютасымен).

22-тарау. Инвестициялық басқарудағы ақшаны салымдарға орналастыру

176. Инвестициялық басқарудағы ақшаны екінші деңгейдегі банктердегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы салымдарға орналастырған кезде мәміле бойынша шығын, ол болған жағдайда, ескеріле отырып, салым сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

	Дт	1800 04	Орналастырылған салымдар
	Кт	1800 01	Ақша.

177. Банктік салым шартында айқындалған салым бойынша сыйақы есептеген кезде ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікке сәйкес мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

	Дт	1800 11	Сыйақы
	Кт	1830 02	Сыйақы түріндегі кіріс (дивидендтер).

178. Салым бойынша сыйақыны нақты алған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

	Дт	1800 01	Ақша
	Кт	1800 11	Сыйақы.

179. Банктік салым мерзімінің соңында ақшаны қайтарған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

	Дт	1800 01	Ақша
	Кт	1800 04	Орналастырылған салымдар
		1800 11	Сыйақы.

180. Шетел валютасындағы салымдарды валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта бағалаған кезде қайта бағалау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) валюта айырбастаудың нарықтық бағамы ұлғайған кезде оң бағамдық айырма сомасына:

	Дт	1800 04	Орналастырылған салымдар
	Кт	1830 05	Бағамдық айырма бойынша кіріс;

2) валюта айырбастаудың нарықтық бағамы азайған кезде теріс бағамдық айырма сомасына:

	Дт	1840 05	Бағамдық айырма бойынша шығыс

	Кт	1800 04	Орналастырылған салымдар.
--	----	---------	---------------------------

23-тарау. Инвестициялық басқарудағы ақшаны бағалы қағаздарға орналастыру

181. Бағалы қағаздарды инвестициялық басқарудағы активтер есебінен сатып алған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сатып алынған бағалы қағаздардың таза құнына (номиналды құнынан аспайтын сомаға):

	Дт	1800 03	Бағалы қағаздар
	Кт	1800 01	Ақша;

2) борыштық бағалы қағазды сатып алуға байланысты шығынан тұратын сыйлықақы сомасына:

	Дт	1800 03	Бағалы қағаздар (бағалы қағаз бойынша сыйлықақы сомасын есепке алуға арналған жеке қосалқы шоттар)
	Кт	1800 01	Ақша
		1820 01	Төлеуге арналған шоттар;

3) дисконт (жеңілдік) сомасына:

	Дт	1800 03	Бағалы қағаздар (бағалы қағаздың номиналды құнын есепке алуға арналған жеке қосалқы шоттар)
	Кт	1800 03	Бағалы қағаздар (бағалы қағаз бойынша дисконт (жеңілдік) сомасын есепке алуға арналған жеке қосалқы шоттар);

4) алдыңғы ұстаушы есептеген сыйақы сомасына:

	Дт	1800 11	Сыйақы
	Кт	1800 01	Ақша.

182. Ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікке сәйкес сатып алынған бағалы қағаздар бойынша жарияланған пайыз мөлшерлемесі бойынша сыйақы есептеледі. Бұл ретте есептелген сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

	Дт	1800 11	Сыйақы
	Кт	1830 02	Сыйақы түріндегі кіріс (дивидендтер).

183. Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақыны немесе дисконтты (жеңілдікті) амортизациялаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сыйлықақыны амортизациялау сомасына:

	Дт	1840 08	Басқа да шығыс
--	----	---------	----------------

	Кт	1800 03	Бағалы қағаздар (бағалы қағаз бойынша сыйлықақы сомасын есепке алуға арналған жеке қосалқы шоттар);
--	----	---------	---

2) дисконтты (жеңілдікті) амортизациялау сомасына:

	Дт	1800 03	Бағалы қағаздар (бағалы қағаз бойынша дисконт (жеңілдік) сомасын есепке алуға арналған жеке қосалқы шоттар)
	Кт	1830 02	Сыйақы түріндегі кіріс (дивидендтер).

184. Жарияланған сыйақы және сыйлықақы амортизациясы немесе дисконт (жеңілдік) есептелгеннен кейін осы Нұсқаулықтың 182 және 183-тармақтарына сәйкес сатып алынған бағалы қағаздарға әділ құны бойынша және ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен қайта бағалау жүргізіледі және мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) бағалы қағаздардың әділ құны олардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнынан асып кеткен кезде:

	Дт	1800 03	Бағалы қағаздар
	Кт	1830 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан кіріс;

2) бағалы қағаздардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны олардың әділ құнынан асып кеткен кезде:

	Дт	1840 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан шығыс
	Кт	1800 03	Бағалы қағаздар.

185. Құны шетел валютасымен көрсетілген, сатып алынған бағалы қағаздарды (үлестік бағалы қағаздарды қоспағанда) валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта бағалау кезінде қайта бағалау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) валюта айырбастаудың нарықтық бағамы ұлғайған кезде:

оң бағамдық айырма сомасына:

	Дт	1800 03	Бағалы қағаздар (бағалы қағаз бойынша сыйлықақының номиналды құнын және сомасын есепке алуға арналған жеке қосалқы шот)
		1800 11	Сыйақы

	Кт	1830 05	Бағамдық айырма бойынша кіріс;
--	----	---------	--------------------------------

теріс бағамдық айырма сомасына:

	Дт	1840 05	Бағамдық айырма бойынша шығыс
	Кт	1800 03	Бағалы қағаздар (бағалы қағаз бойынша дисконт (жеңілдік) сомасын есепке алуға арналған жеке қосалқы шот);

2) валюта айырбастаудың нарықтық бағамы азайған кезде теріс бағамдық айырма сомасына:

	Дт	1840 05	Бағамдық айырма бойынша шығыс
		1800 03	Бағалы қағаздар (бағалы қағаз бойынша сыйлықақының номиналды құнын және сомасын есепке алуға арналған жеке қосалқы шот)
		1800 11	Сыйақы

және бірмезгілде оң бағамдық айырма сомасына:

	Дт	1800 03	Бағалы қағаздар (бағалы қағаз бойынша дисконт (жеңілдік) сомасын есепке алуға арналған жеке қосалқы шот)
	Кт	1830 05	Бағамдық айырма бойынша кіріс.

186. Эмитент бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақыны өтеген кезде төленген сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

	Дт	1800 01	Ақша
	Кт	1800 11	Сыйақы.

187. Осы Нұсқаулықтың 182, 183 және 184-тармақтарына сәйкес жарияланған сыйақы есептелгеннен, сыйлықақы немесе дисконт (жеңілдік) амортизацияланғаннан және бағалы қағаздар әділ құны бойынша қайта бағаланғаннан кейін сатып алынған бағалы қағаздарды сатқан кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) бағалы қағаздар бойынша амортизацияланбаған сыйлықақы сомасына:

	Дт	1800 03	Бағалы қағаздар (бағалы қағаздың номиналды құнын есепке алуға арналған жеке қосалқы шоттар)
			Бағалы қағаздар (бағалы қағаз бойынша

	Кт	1800 03	сыйлықақы сомасын есепке алуға арналған жеке қосалқы шоттар);
--	----	---------	---

2) бағалы қағаздар бойынша амортизацияланбаған дисконт (жеңілдік) сомасына:

	Дт	1800 03	Бағалы қағаздар (бағалы қағаз бойынша дисконт (жеңілдік) сомасын есепке алуға арналған жеке қосалқы шоттар)
	Кт	1800 03	Бағалы қағаздар (бағалы қағаздың номиналды құнын есепке алуға арналған жеке қосалқы шоттар);

3) бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасына:

мәміле сомасы мен активтердің бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны арасында оң айырма туындаған кезде:

	Дт	1800 01	Ақша
	Кт	1800 03	Бағалы қағаздар
		1800 11	Сыйақы
		1830 03	Сатып алу-сатудан кіріс;

мәміле сомасы мен активтердің бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны арасында теріс айырма туындаған кезде:

	Дт	1800 01	Ақша
		1840 03	Сатып алу-сатудан шығыс
	Кт	1800 03	Бағалы қағаздар
		1800 11	Сыйақы.

24-тарау. Инвестициялық басқарудағы ақшаны туынды қаржы құралдарына орналастыру

188. Туынды қаржы құралын инвестициялық басқарудағы активтер есебінен сатып алған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) туынды қаржы құралының құнын есепке алуға арналған жеке қосалқы шотты аша отырып, сатып алынған "колл" ("пут") опционы бойынша төленген сыйлықақы сомасына:

	Дт	1800 12	Басқа да талаптар
	Кт	1800 01	Ақша;

2) фьючерс бойынша маржа сомасына:

	Дт	1800 08	Басқа да активтер
	Кт	1800 01	Ақша.

189. Туынды қаржы құралын ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен әділ құны бойынша қайта бағалаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) туынды қаржы құралының әділ құны оң өзгеру сомасына:

	Дт	1800 12	Басқа да талаптар
	Кт	1830 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан кіріс;

2) туынды қаржы құралының әділ құны теріс өзгеру сомасына:

	Дт	1840 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан шығыс
	Кт	1820 02	Басқа да міндеттемелер (туынды қаржы құралының құнын есепке алу үшін жекелеген қосалқы шоттар);

3) туынды қаржы құралдарының әділ құнының есепте бар оң (теріс) түзету сомасына:

	Дт	1820 02	Басқа да міндеттемелер
	Кт	1800 12	Басқа да талаптар.

190. Ұйым контрәріптестің пайдасына (контрәріптес ұйымның пайдасына) маржа сомасын төлеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) ұйым қосымша төлеген маржа сомасына:

	Дт	1800 08	Басқа да активтер
	Кт	1800 01	Ақша;

2) контрәріптестен алынған маржа сомасына:

	Дт	1800 08	Басқа да активтер
	Кт	1820 02	Басқа да міндеттемелер;

3) қор биржасында (брокерде) ашылған шоттан рұқсат етілген есепте бар маржаны есептен шығарған кезде:

	Дт	1800 01	Ақша
	Кт	1800 08	Басқа да активтер;

4) қор биржасы (брокер) алған маржа сомасына:

	Дт	1820 02	Басқа да міндеттемелер
	Кт	1800 08	Басқа да активтер.

191. Туынды қаржы құралын орындау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) нетто негізде есеп айырысқан жағдайда, ұйым ақша аударған кезде:

	Дт	1820 02	Басқа да міндеттемелер
	Кт	1800 01	Ақша;

2) нетто негізде есеп айырысқан жағдайда, контрәріптестен ақша алған кезде:

	Дт	1800 01	Ақша
	Кт	1800 12	Басқа да талаптар;

3) туынды қаржы құралының талаптарына сәйкес базалық активті сатып алған кезде

:

сатып алынған актив құнына:

	Дт	1800 01	Ақша
		1800 02	Аффинирленген бағалы металдар
		1800 03	Бағалы қағаздар
		1800 05	Капиталға инвестициялар
		1800 07	Негізгі құрал-жабдықтар
		1800 08	Басқа да активтер
		1820 02	Басқа да міндеттемелер (туынды қаржы құралдарының құнын есепке алуға арналған жеке қосалқы шоттар)
	Кт	1800 01	Ақша
		1800 12	Басқа да міндеттемелер;

4) туынды қаржы құралдарының талаптарына сәйкес базалық активті сатқан кезде:

сатылатын актив құнына:

	Дт	1800 01	Ақша
		1820 02	Басқа да міндеттемелер (туынды қаржы құралдарының құнын есепке алуға арналған жеке қосалқы шоттар)
	Кт	1800 01	Ақша
		1800 02	Аффинирленген бағалы металдар
		1800 03	Бағалы қағаздар
		1800 05	Капиталға инвестициялар
		1800 07	Негізгі құрал-жабдықтар
		1800 08	Басқа да активтер
		1800 12	Басқа да талаптар (туынды қаржы құралдарының құнын есепке алуға арналған жеке қосалқы шоттар).

25-тарау. Инвестициялық басқарудағы бағалы қағаздармен РЕПО және кері РЕПО операцияларын жүргізу

192. РЕПО операциясын ашқан кезде:

1) бағалы қағаздарды ақшаға айырбастап беретін ұйым РЕПО операциясын жасаған кезде мәміле сомасына мынадай бухгалтерлік жазбаны жүзеге асырады:

--	--	--	--

	Дт	1800 01	Ақша
	Кт	1820 02	Басқа да міндеттемелер (бағалы қағаздармен РЕПО операцияларын есепке алуға арналған жеке қосалқы шоттар);

2) ақшаны бағалы қағаздарға айырбастап беретін ұйым кері РЕПО операциясын жасаған кезде мәміле сомасына мынадай бухгалтерлік жазбаны жүзеге асырады:

	Дт	1800 12	Басқа да талаптар (бағалы қағаздармен РЕПО операцияларын есепке алуға арналған жеке қосалқы шоттар)
	Кт	1800 01	Ақша.

193. РЕПО және кері РЕПО операцияларының қолданылу мерзімі ішінде РЕПО мәмілесі талаптарының негізінде осы операциялардың белгіленген қолданылу мерзімі ішіндегі тиісінше шығысқа және кіріске есептелетін мәміле бойынша тиесілі сыйақы сомасы есептеледі. Бұл ретте мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) РЕПО операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелетін шығыс сомасына:

	Дт	1840 02	Комиссиялық сыйақы төлеу бойынша шығыс
	Кт	1820 02	Басқа да міндеттемелер (бағалы қағаздармен РЕПО операцияларын есепке алуға арналған жеке қосалқы шоттар);

2) кері РЕПО операциясы бойынша сыйақы түрінде есептелетін кіріс сомасына:

	Дт	1800 11	Сыйақы
	Кт	1830 02	Сыйақы түріндегі кіріс (дивиденд).

194. Осы Нұсқаулықтың 193-тармағына сәйкес сыйақы есептелгеннен кейін РЕПО операциясы жабылған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) ұйым РЕПО операциясы бойынша бұрын берілген бағалы қағаздарды кері алған кезде:

РЕПО мәмілесі бойынша есептелген сыйақы сомасына:

	Дт	1820 02	Басқа да міндеттемелер
	Кт	1800 01	Ақша;

осы мәміле жасалған кезде белгіленген РЕПО мәмілесін жабу құнына:

	Дт	1820 02	Басқа да міндеттемелер
	Кт	1800 01	Ақша;

2) ұйым кері РЕПО операциясы бойынша бұрын алынған бағалы қағаздарды берген кезде:

есептелген сыйақы сомасына:

	Дт	1800 01	Ақша
--	----	---------	------

	Кт	1800 11	Сыйақы;
--	----	---------	---------

осы мәміле жасалған кезде белгіленген кері РЕПО мәмілесін жабу құнына:

	Дт	1800 01	Ақша
	Кт	1800 12	Басқа да талаптар.

26-тарау. Инвестициялық басқарудағы ақшаны аффинирленген бағалы металдарға орналастыру

195. Инвестициялық басқарудағы ақшаны аффинирленген бағалы металдарға орналастырған кезде сатып алынған бағалы металдардың құнына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

	Дт	1800 02	Аффинирленген бағалы металдар
	Кт	1800 01	Ақша.

Қосалқы бухгалтерлік есепте аффинирленген бағалы металдар қолда бар аффинирленген бағалы металдардың санын бухгалтерлік есепте көрсету күні белгіленген Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығының таңертеңгі немесе кешкі фиксингіне және теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамына көбейту арқылы унциямен, сондай-ақ теңгемен көрсетіледі.

196. Сатып алынған аффинирленген бағалы металдарды әділ құны бойынша қайта бағалау кезінде қайта бағалау сомасына мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) аффинирленген бағалы металдардың құны ұлғайған кезде:

	Дт	1800 02	Аффинирленген бағалы металдар
	Кт	1830 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан кіріс;

2) аффинирленген бағалы металдардың құны азайған кезде:

	Дт	1840 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан шығыс
	Кт	1800 02	Аффинирленген бағалы металдар.

197. Осы Нұсқаулықтың 196-тармағына сәйкес аффинирленген бағалы металдарды әділ құны бойынша қайта бағалағаннан кейін оларды сату кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) аффинирленген бағалы металдарды сату бағасы бойынша:

	Дт	1800 01	Ақша
	Кт	1830 03	Сатып алу-сатудан кіріс;

2) аффинирленген бағалы металдардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнына:

	Дт	1840 03	Сатып алу-сатудан шығыс

	Кт	1800 02	Аффинирленген бағалы металдар.
--	----	---------	--------------------------------

27-тарау. Инвестициялық басқарудағы ақшаны акционерлік қоғамдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестицияларға орналастыру

198. Инвестициялық басқарудағы ақшаны акционерлік қоғамдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестицияларға орналастырған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

	Дт	1800 05	Капиталға инвестициялар
	Кт	1800 01	Ақша.

199. Капиталдағы қатысу үлесін сатқан кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) мәміле сомасы мен активтердің бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны арасында оң айырма туындаған кезде:

	Дт	1800 01	Ақша
	Кт	1800 05	Капиталға инвестициялар
		1830 03	Сатып алу-сатудан кіріс;

2) мәміле сомасы мен активтердің бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны арасында теріс айырма туындаған кезде:

	Дт	1800 01	Ақша
		1840 03	Сатып алу-сатудан шығыс
	Кт	1800 05	Капиталға инвестициялар.

28-тарау. Инвестициялық басқарудағы ақшаны негізгі құрал-жабдықтарға және материалдық емес активтерге орналастыру

200. Инвестициялық басқарудағы ақшаны негізгі құрал-жабдықтарға және материалдық емес активтерге орналастырған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

	Дт	1800 06	Материалдық емес активтер
		1800 07	Негізгі құрал-жабдықтар
	Кт	1800 01	Ақша.

201. Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді әділ құны бойынша қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтердің әділ құны олардың бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құнынан асып кеткен кезде:

	Дт	1800 06	Материалдық емес активтер
		1800 07	Негізгі құрал-жабдықтар

	Кт	1830 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан кіріс;
--	----	---------	--

2) негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтердің бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны олардың әділ құнынан асып кеткен кезде:

	Дт	1840 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан шығыс
	Кт	1800 06	Материалдық емес активтер
		1800 07	Негізгі құрал-жабдықтар.

202. Негізгі құрал-жабдықтарды және материалдық емес активтерді сатқан кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) мәміле сомасы мен активтердің бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны арасында оң айырма туындаған кезде:

	Дт	1800 01	Ақша
	Кт	1800 06	Материалдық емес активтер
		1800 07	Негізгі құрал-жабдықтар
		1830 03	Сатып алу-сатудан кіріс;

2) мәміле сомасы мен активтердің бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құны арасында теріс айырма туындаған кезде:

	Дт	1800 01	Ақша
		1840 03	Сатып алу-сатудан шығыс
	Кт	1800 06	Материалдық емес активтер
		1800 07	Негізгі құрал-жабдықтар

29-тарау. Инвестициялық басқарудан алынған активтерді есепке алу

203. Клиент инвестициялық басқарудағы активтердің бір бөлігін шығарып алған жағдайда мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

	Дт	1840 01	Клиенттің активтерін алу
	Кт	1800 01	Ақша
		1800 02	Аффинирленген бағалы металдар
		1800 03	Бағалы қағаздар
		1800 04	Орналастырылған салымдар
		1800 05	Капиталға инвестициялар

		1800 06	Материалдық емес активтер
		1800 07	Негізгі құрал-жабдықтар
		1800 08	Басқа да активтер
		1800 09	Алуға арналған шоттар
		1800 10	Дивидендтер
		1800 11	Сыйақы
		1800 12	Басқа да талаптар.

204. Есепті кезеңнің соңында клиенттің активтерін инвестициялық басқарудың тиімділігіне талдау жүргізу мақсатында мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асыру арқылы есепті кезең үшін түпкілікті қаржы нәтижесін қалыптастыру бойынша ақпарат жинақтау жүргізіледі:

клиенттің активтерімен операциялар бойынша есептелген кіріс сомасына:

	Дт	1830 01	Клиенттерден активтердің түсуі
		1830 02	Сыйақы (дивидендтер) түріндегі кіріс
		1830 03	Сатып алу-сатудан кіріс
		1830 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан кіріс
		1830 05	Бағамдық айырма бойынша кіріс
		1830 08	Басқа да кіріс
	Кт	1810 01	Капитал;

және бірізгілікте клиенттің активтерімен операциялар бойынша есептелген шығыс сомасына:

	Дт	1810 01	Капитал
	Кт	1840 02	Комиссиялық сыйақылар төлеу бойынша шығыс
		1840 03	Сатып алу-сатудан шығыс
		1840 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан шығыс
		1840 05	Бағамдық айырма бойынша шығыс
		1840 08	Басқа да шығыс.

205. Клиенттің активтерін инвестициялық басқаруға арналған шарттың қолданылу мерзімінің соңында ұйым клиенттің шоты бойынша барлық қолда бар активтерді қайтарады. Бұл ретте қолда бар активтер бойынша мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) клиенттің активтерімен операциялар бойынша есептелген кіріс сомасына:

--	--	--	--

	Дт	1830 01	Клиенттерден активтердің түсуі
		1830 02	Сыйақы (дивиденд) түріндегі кіріс
		1830 03	Сатып алу-сатудан кіріс
		1830 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан кіріс
		1830 05	Бағамдық айырма бойынша кіріс
		1830 08	Басқа да кіріс
	Кт	1810 01	Капитал;

және бірізгілікте клиенттің активтерімен операциялар бойынша есептелген шығыс сомасына:

	Дт	1810 01	Капитал
	Кт	1840 02	Комиссиялық сыйақылар төлеу бойынша шығыс
		1840 03	Сатып алу-сатудан шығыс
		1840 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан шығыс
		1840 05	Бағамдық айырма бойынша шығыс
		1840 08	Басқа да шығыс;

2) клиент бойынша міндеттемелер шоттары бойынша қалдық сомасына:

	Дт	1820 01	Төлеуге арналған шоттар
		1820 02	Басқа да міндеттемелер
	Кт	1840 01	Клиенттің активтерін алу

3) клиент бойынша активтер шоттары бойынша қалдық сомасына:

	Дт	1840 01	Клиенттің активтерін алу
	Кт	1800 01	Ақша
		1800 02	Аффинирленген бағалы металдар
		1800 03	Бағалы қағаздар
		1800 04	Орналасырылған салымдар
		1800 05	Капиталға инвестициялар
		1800 06	Материалдық емес активтер
		1800 07	Негізгі құрал-жабдықтар
		1800 08	Басқа да активтер

		1800 09	Алуға арналған шоттар
		1800 10	Дивидендтер
		1800 11	Сыйақы
		1800 12	Басқа да талаптар;

4) капитал шоты бойынша қалдық сомасына:

	Дт	1810 01	Капитал
	Кт	1840 01	Клиенттің активтерін алу.

30-тарау. Брокерлік қызмет көрсету туралы шарт бойынша қабылданған активтерді есепке алу

206. "Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу" 33 бухгалтерлік есеп стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 137 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9735 болып тіркелген) бекітілген "Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу" 33 бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес актив ретінде тану өлшемшарттарына жауап беретін ақшаны брокер брокерлік қызмет көрсету туралы шарт бойынша клиенттен қабылдаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) баланстық шоттарда:

	Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат
	Кт	3390 81	Брокердің клиент алдындағы міндеттемелері;

2) брокер активтерді клиенттің ақшасына сатып алған кезде:

	Дт	3390 81	Брокердің клиент алдындағы міндеттемелері
	Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат.

Клиенттен қабылданатын ақшаның "Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу" 33 бухгалтерлік есеп стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 137 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9735 болып тіркелген) бекітілген "Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу" 33 бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес актив ретінде тану критерийлеріне сәйкестігі туралы шешім брокердің ішкі құжаттарына сәйкес қабылданады.

207. Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар брокер клиенттен ақшаны алған кезде, сондай-ақ клиент үшін активтерді сатып алған кезде баланстан тыс есепте мынадай бухгалтерлік жазбаны жүзеге асырады:

--	--	--	--

	Kipic	8970	"Депо" шоттары.
--	-------	------	-----------------

208. Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізуге құқығы бар брокер клиенттен алынған ақша шығынға жазылған кезде, сондай-ақ клиент үшін активтер сатылған кезде баланстан тыс есепте мынадай бухгалтерлік жазбаны жүзеге асырады:

	Шығыс	8970	"Депо" шоттары."
--	-------	------	------------------

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бухгалтерлік есеп департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкінің Төрағасы

Т. Сулейменов

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2025 жылғы 19 наурыздағы
№ 17 Қаулыға
қосымша

Күші жойылды деп танылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің тізбесі

1. "Инвестициялық портфельді басқарушылардың, бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасасатын сақтандыру ұйымдарының және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасасатын

Қазақстан Республикасы бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 1 ақпандағы № 4 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6090 болып тіркелген).

2. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Инвестициялық портфельді басқаруды немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2010 жылғы 1 ақпандағы № 4 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 107 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7225 болып тіркелген).

3. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Инвестициялық портфельді басқарушылардың және бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2010 жылғы 1 ақпандағы № 4 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 27 тамыздағы № 164 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9785 болып тіркелген).

4. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының бухгалтерлік есебі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 194 қаулысымен бекітілген бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының бухгалтерлік есебі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8701 болып тіркелген).

5. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 185 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулылары тізбесінің 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17439 болып тіркелген).

6. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 14 қазандағы № 171

қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулылары тізбесінің 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19506 болып тіркелген).

7. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 22 қарашадағы № 100 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулылары тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25548 болып тіркелген).

8. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 122 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулылары тізбесінің 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31303 болып тіркелген).